

**Г. Б. Бейсенбекова,**  
*доцент, психология ғылымдарының кандидаты;*  
**С. М. Нұрғалиева,**  
*психология кафедрасының аға оқытушысы*  
(*Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*)

## **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

Жоғары мектепте кәсіби іс-әрекетке дайындаудың психологиялық ерекшеліктері мәселесіне байланысты зерттеулерде студенттердің психологиялық даярлығы іс-әрекеттің нәтижелі, игілікті орындалуына, маңызды мәселелерді мақсат-бағдарлы іздестіруге, «шұғыл» жағдайды алдын ала аңғаруға, мәселелік жағдайдан тиімді, әлеуметтік ортада құнды тәсілмен шыға алуға, жаңа мәселелерді және олардың салдарын болжауға мүмкіндік беретін түрлі моральдік-еріктік сипаттар, бағыттылық, қабылдау, зейінділік, еске сақтаудың жоғарылығы, ақыл-ой тереңдігі, зерделік, зияттылық, асқақ эмоциялық тұрақтылық, стресске шыдамдылық, бейімделуге икемдік, қарым-қатынастағы құзіреттілік, креативтілік және т. с. с. көптеген тұлғалық қасиеттермен қабілеттердің, танымдық процестердің, психикалық жай-күй сипаттарының жекелей жоталануы немесе тұтас құрылымы ретінде талданады, маңызды орын алады. Дегенмен, жоғары мектепте кәсіби білім берудің басты бір құраушысы болатын студенттерді дайындаудың теориялық және практикалық жақтарына арналған зерттеулердің жеткіліксіздігі қазіргі кезде ерекше сезілуде. Үнемі өзгеріп отырған осы заманда болашақ мамандардың маман ретінде оқу-кәсіби іс-әрекетті, қарым-қатынасты жетілдіруі үшін дайындықты таныту мен дамытуы аса көкейтесті мәселеге айналып отыр<sup>1</sup>.

Еліміздің жоғары оқу орындарында қазіргі уақытта оқытудың әртүрлі тиімді тәсілдері қолданылады, ол студенттердің іс-әрекетін бағдарлайтын келесі бағыттар: ақпаратты қабылдау, қайта жасау, оны меңгерудің дәрежесін қарастырады. Жақынға дейін маманның біліктілік деңгейі оқу үрдісі барысында алған білім деңгейімен анықталып келді. Алайда білімді меңгеру дәрежесінің өзі студенттердің дара ерекшеліктерімен байланысты екендігі белгілі.

Қазіргі қоғамның даму кезеңі өз ісінің іскер мамандарына, кәсіби қалыптасқан тұлғаларға жұмыс ұсынады, демек жоғары оқу орындарына, олардың кәсіби дайындау жұмысына арнайы жаңа талаптар қойылады. Мамандарды дайындау жүйесі мемлекет аясында, нақты кәсіби салада анықталған. Жоғары оқу орындары мен бітірушілердің іс-әрекеті саласында әрқашан сенімді байланыс орнаған. Жас маманға жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін кәсіби іс-әрекет жағдайына бейімделуге біраз уақыт қажет болады. Мамандардың жұмыс жағдайына бейімделуі жоғары оқу орындарында алған негізгі білімдерімен, игерген іскерлік дағдылар қорымен байланысты, сонымен қатар осы орайда жас маманның кәсіби іс-әрекетке дайындығының атқаратын рөлі маңызды болып табылады. Үнемі өзгеріп отырған осы заманда болашақ мамандардың маман ретінде оқу-кәсіби іс-әрекетті, қарым-қатынасты жетілдіруі үшін дайындықты таныту мен дамытуы аса көкейтесті мәселеге айналып отыр. Сондай-ақ, психологиялық дайындау арқылы студенттердің өзіне құнды және басқаларға рухани-адамгершілік қатынаспен оқу-кәсіби іс-әрекет, қарым-қатынас, өзін-өзі дамыту салаларын жетілдіруі ықпалдасқан күрделі құрылым кәсіби дамыту қажеттігімен байланысты. Сондықтан студенттер кәсіби дамыту бағытындағы психологиялық дайындау алғышарттарын, мазмұнын, құрылымын, психологиялық дайындық пен тұлғалық деңгейлерінің өзара байланыста, тәуелділікте, шарттастықта даму ерекшеліктерін зерттеу көкейтесті әрі мәнді мәселе болмақ.

Тұлғалық деңгейде психологиялық дайындықты қарастырудың екі тұрғысын бөліп көрсетуге болады. Зерттеушілердің кейбіреулері оны тұлғаның қарым-қатынасы және қасиеттердің әртүрлі кешені ретінде, ал келесілері — мотивациялық дайындық деп аталатын интегралды, тұтас құрылым яғни «тұлғаға тән нанымдардың, идеалдардың, қажеттіліктердің, бағдарлардың, мақсаттар мен қызығушылықтардың жиынтығы» деп қарастырады<sup>11</sup>. Кәсіби іс-әрекетке дайындықты бұл тұрғыда қарастыру болашақ іс-әрекеті

меңгеруді индивидуалды тұлғалық тұрғыда қарастыруға мүмкіндік береді. Осы жағдайда психологиялық дайындық мотивациялық дайындыққа жақын көрініс табады, яғни бірдей мағынада түсіндіріледі. Дайындықты тұлғалық тұрғыда А. Ц. Пуни қарастырады<sup>iii</sup>.

Ю. А. Самарин, іс-әрекетке психологиялық дайындықты былай анықтайды «дайындық студенттің психологиялық жағдайы — бұл ішкі анықталған оқу және еңбек міндеттерін орындаудағы жүріс-тұрыс ішкі ниеттену, белсенді және мақсатқа бағытталған әрекет (жоғары оқу орнынан кейін жұмыстың басталуына уақытына) бағдарлану. Іс-әрекеттің мақсаты оның пікірі бойынша «қазіргі өндіріс жағдайына бейімделу үрдісін жеңілдету, ол үшін операциялық, адамгершілік, психикалық, өзі таңдаған кәсіпке (дайындық) студенттерде қалыптасуы ретінде түсіндіріледі<sup>iv</sup>».

Б. Г. Ананьев еңбекке дайындықтың қалыптасу мәселесін тұлғалық дегейде қарастыра отырып өзіндік күрделі еңбекке үйрену және студенттердің қоғамдық еңбекке қажеті бөлшектік дидактикалық үрдіс ретінде анықтайды. Оның тұжырымдамасының принципіальды мәні. Жалпы еңбекке қабілетіліктің қалыптасуы ұзақ уақыт бойы кәсіби еңбек басталғанға дейін, демек дайындықтың қалыптасуы тәрбиелеу жүйесімен сабақтасып едәуір ерте басталад. Осындай сипатта жалпы еңбекке қабілеттілік, еңбекке дайындық және еңбек мотивациясының қалыптасу жүйесінің негізінде жүзеге асады<sup>v</sup>.

П. А. Рудник дайындық жағдайын зерттеуде тұлғалық тұрғыда зерттеудің маңыздылығын атап көрсетті. Ол дайындықты күрделі психологиялық құрылым ретінде қарастырады және ондағы танымдық үрдістердің рөлін бөліп көрсетеді, орындалатын іс-әрекеттің маңызды жақтарын, адамның, белсенділігін арттыратын және төмендететін эмоционалды компоненттерді мақсатқа жетуге әрекеттің тиімділігін арттыруды жүзеге асыратын, сонымен қатар мінез-құлық мотивін қарастырады.

П. Р. Чамат кәсіби дайындықтың қалыптасу мәселесін кең түрде қарастыра отырып еңбекке дайындықтың дамуының астарында еңбекке қатынасты анықтайтын тұлғалық моралдық-психологиялық сапа деп қарастырады.

Б. А. Леонова дайындық мәселесіне адамның функционалды жағдайы ретінде қарастырады. Дайындық жағдайын қалыптастыруға және дамытуға болады, ол үшін мамандықтардың шынайы, кәсіби шеберлік, іс-әрекетті жүзеге асыру үшін қажетті физикалық ресурстарды мобилизациялау іскерлігі қажет. «Психологиялық дайындық индивидуалды тәсілдерді мақсатты қалыптастыру, күрделі жағдайларда іс-әрекеттерді берілген параметрлерді сақтауды қамтамасыз ету»<sup>vi</sup>.

Ю. М. Забродин, кәсіби құрылу үрдісінің кеңістіктегі генерализацияланған тұлға дамуы түсінігінің дамуын талдауды ұсына отырып тұлғалық психологиялық дайындықтың жалпы категориясын кәсіби дайындық аясында анағұрлым тар мағынада қарастыруда әртүрлі (деңгейде) бір-біріне өзара әсер етуші жеке кәсіби дайындықты бөліп көрсетеді:

- операциялық — кәсіби іс-әрекетті реттейтін психологиялық жүйенің дамуы, бәрінен бұрын кәсіби қабілеттер және кәсіби маңызды сапалар жүйесі;

- мотивациялық — жалпы адамзаттық және өзіндік тұлғалық құндылықтар қоры және кәсіби қызығушылықтар және икемділіктердің айрықша жүйесі;

- функционалды — адамның генерализацияланған жағдай, көңіл аясындағы күйі, эмоционалды реакция, ниеттерінің т. б. жалпы көңіл-күйінің фонындағы даму жағдайы.

Ю. М. Забродин қортындылай келе «толық» кәсіби дайындық аясында бірнеше деңгейлердің жинақталуы керектігін атап көрсетеді: субъектінің даму деңгейі (оның операциялық, функционалды, дайындық білім және тәжірибе т. б.) оның бағдарының, мотивтерінің құндылықтарының деңгейі және субъектінің белсенділік деңгейі, тұлғалық жағдай, күтулер даму деңгейін жатқызады<sup>vii</sup>.

Қазіргі таңда психологияда кәсіби іс-әрекетке психологиялық дайындық түсінігіне түйіндеме жасай отырып аталған зерттеу тақырыбын қарастыруда әртүрлі авторлардың дайындық тақырыбындағы түсініктерін қолдауда келесідей «іс-әрекетке психологиялық дайындық», «кәсіби іс-әрекетке дайындық», «кәсіби дайындық», «профессионализм», «тұлғалық сапа» мағыналас жақын мәндегі түсініктердің қолданылуын атап көрсету маңызды болып табылады.

Осы жағдайларға байланысты студенттерді кәсіби іс-әрекетке дайындаудың психологиялық компоненттеріне сипаттама береміз:

1. Кәсіби іс-әрекетке дайындықтың дамуының когнитивті компоненті. Мінез-құлыққа жоғары сезімталдық және адамдардың өзара қарым-қатынасының реңкіне орай сипатталады, олар адамдардың бір-біріне айтылатын сөздерді «сөздік экспрессия») тез және дұрыс түсінуге көмектеседі, тек мәнмәтінде анықталған жақсы таныс жағдайларда анықталған өзара қарым-қатынасты сипаттайды. Мұндай зерттелінушілер осы топқа сәйкес әртүрлі әңгімелесушілер мен таныс оқиғалар және аздаған мінез-құлықтың рөлдік репертуарын табуға, қарым-қатынас реңкін табуға қабілетті рөлдік иілгіштіктің орта деңгейі) алайда тұлғаралық жағдайлар құрылымының жағдайының динамикасын тануға қабілетсіз болып табылады.

2. Кәсіби іс-әрекетке дайындықтың дамуының эмоциональды компоненті, бұл топтағы зерттелінушілердің өздеріне толыққанды қанағаттанушылығы, өзіне қатысты жағымды эмоция тән, негативті уайымдау жағдайға байланысты және минимальды төмен, эмоциональды психологиялық үйлесім тұлғаның оптимальды қызмет етуімен сәйкестігін қамтамасыз етеді. Өзінің әлсіз тұстарын және шегін толық білмейді, оларды қабылдайды және тұлғаның ажырамас бөлшегі деп біледі. Бар болған қабілеттер олардың іс-әрекетінің кейбір тұстарында сәттіліктермен қамтамасыз етеді, кейде бұл өзіне сенімділіктің шектен тыс жоғарылауына әкеп соғады. Сәтсіздіктер белең алған кезде бірінші уақытта абыржу жағдайын басынан өткізеді. Өзінің тұлғалық құндылығын толыққанда сезінеді және оны кейде анағұрлым асыра сілтейтін кездері де бар. Жағымды тәжірибе жинақтаған жастар өз-өзін бағалауды жоғарылатады.

3. Кәсіби іс-әрекетке дайындықтың мотивациялық-құндылық компоненті зерттелушілердің көпшілігі өз-өзіне бағдарлану, өзіндік табыс көрсеткіштерінде мақсатына қарағанда, құралдары жағынан бір-біріне анағұрлым мәнді тұрғыда көбірек сәйкес келетіндігін сипаттайды. Бұл көрсеткіштер иерархияның күтпеген кенет өзгеруінің нәтижесінде ережеге сай жүзеге асырылмаған құндылықтармен байланысты, алайда жүзеге асыруға деген қажеттілік жаңа жағдайларда өзекті болып табылады. Құндылық мақсаты және құндылық-құралдарын жүзеге асырудың динамикалық ерекшеліктерін салыстыруда, алуан түрлі көп өзгерістер құндылық-құралында болатындығын көрсетеді.

- 
- i Журавлев А. Л. Психология совместной деятельности в условиях организационно-экономических изменений: Дис. в виде научн. доклада д-ра психол. наук. — М., 1999.
- ii Панов Е. Н. Бегство от одиночества. Индивидуальное и коллективное в природе и в человеческом обществе. — М., 2001.
- iii Глоточкин А. Д. Психологическая компетентность учителя // Высшее педагогическое образование: проблемы и перспективы. — Прейла, 1991.
- iv Дьяченко М. И. Готовность к деятельности в напряженных ситуациях (психологический аспект). — М., 1985.
- v Глоточкин А. Д., Забродин Ю. М., Сосновский Б. А. О психологической готовности учителя к педагогической деятельности // Качество подготовки учителя-предметника. — М., 1991.
- vi Глоточкин А. Д., Парфенов В. Н., Сосновский Б. А. Оценка качества психологической подготовки учителя // Педагогическое образование. — М., 1992. Вып. 5.
- vii Колмогорова Л. С. Диагностика психологической культуры школьников. — М., 2002.